

# ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫ



Ақпараттық-танымдық басылым

2022 жыл №11 (147) қараша

## ФРАНЦИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

*Парижге ресми сапармен барған Мемлекет башысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Франция Президенті Эмманюэль Макронмен кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізуде.*

Іс-сапар аясында қазақ-француз жоғары оқу орындарының VII-ші форумы өтуде. Форум білім, ғылым және мәдениет саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Аталған форумға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бастаған отандық 13 жоғары оқу орнының делегациясы қатысуда. Қазақстандық университеттердің өкілдері Францияның оқу орындарымен ынтымақтастық туралы бірқатар жаңа меморандумдарға қол қойысып, әріптестермен тәжірибе алмасуда.

Шетелдік серіктестермен екіжақты қатынасты дамыту университеттің басты стратегиялық бағыты болғандықтан, оқу орнының имиджін одан әрі арттыратыны сөзсіз.

Форум аясында Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Ердембеков Францияның жетекші оқу орны Леонардо Да Винчи менеджмент мектебі мен Париж саяси зерттеулер институты басшылығымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, серіктестіктің жаңа стратегиялық бағыттарын белгіледі.

Тараптар өз кезегінде академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту, профессор-оқытушылар құрамы мен зерттеуші ғалымдардың өзара тәжірибе алмасуы мен ғылыми тағылымдамадан өтуін, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырумен, қос дипломды білім беру бағдарламасын әзірлеуді қолға алмақ.



### Осы санда

ДҰРЫС ТАҢДАЛҒАН  
МАМАНДЫҚ –  
БОЛАШАҚТЫҢ  
ЖАРҚЫН КЕПІЛІ



2 бет



ШӘКӘРІМДЕ  
ЖАҢА ТЕАТР  
МАУСЫМЫ  
АШЫЛДЫ

4 бет

«АРМАНДАСТАР»  
АНСАМБЛІ НЕМЕСЕ  
БАС ГИТАРИСТ  
ӘБІЛ СЕЙСЕКОВ



5 бет



ҚЫСҚЫ СЕССИЯ:  
ҚАШАН? ҚАЛАЙ? ҚАЙДА?

10 бет

# ДҰРЫС ТАҢДАЛҒАН МАМАНДЫҚ – БОЛАШАҚТЫҢ ЖАРҒЫН КЕШІЛІ

Бүгінгі күні жас мамандар – университет түлектеріне деген талап өте жоғары. Әр жұмыс беруші «қдайын», ең білікті маманды қолына түсіргісі келеді, таппаған жағдайда сынайтыны – Университет... Осы орайда университетке қандай мектеп түлегі қабылданатыны ескерілмей қалатындай...

Білікті маман даярлаудың басты шарты – білімді мектеп түлегін қабылдау екені бәрімізге аян, ал ол үшін «Қандай шара қолдануымыз қажет?» – деген сұрақты өзімізге қойып, жауабын тапқандаймыз – ерте кәсіптік бағдар беру, білімді оқушыларды қабылдау, ал ең бастысы, «Мектеп – ЖОО» арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, оқушыларды оқытатын ұстаздардың біліктілігін арттыру.

**Ерте кәсіптік бағдар беру мәселесінің өзектілігін түсіне отырып, биылғы оқу жылынан барлық мектептерде кәсіби бағдар беруші (профориентатор) штаты енгізілді.**

Жоғарыда аталған шартты орындау мақсатында «Шәкәрім керуені» жобасы әзірленді. Керуеннің алғашқы сапары Жарма ауданынан басталды. Себебі қала мектептерінің әлеуеті де жоғары, байланысу да оңай, ал біздің көздегеніміз ауыл мектептерімен байланысты күшейту.

«Шәкәрім керуені» бағдарламасы білім берудің барлық субъектілерін қамтыды:

\* Сапалы білім беретін – мектеп педагогы, сондықтан негізгі мәселелердің бірі болып табылатын – оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру бойынша университет оқытушылары арнайы ғылыми-практикалық семинар ұйымдастырып, білімдерін шыңдауға, сұрақтарына жауап табуға, сондай-ақ, ортақ ғылыми зерттеу жүргізуге, тығыз байланыс орнатуға ат салысты.

\* Мектептің тынысына, даму қарқынына,

басшының сапалы білімге ұмтылуына да көп нәрсе байланысты екені барлығымызға мәлім, сол себепті келесі назар мектеп басшыларына бұрылды. Мектеп басшыларына «Көшбасшылық және басшының тиімділігін дағдылары» атты семинар-тренинг ұйымдастырылып, «Сіз басқарушысыз ба, әлде көшбасшысыз ба?» деген сұраққа бірге жауап іздеп, білім сапасын жоғарлатудың алғышарттары талқыланды.

\* Ата-аналардың көзқарасы, берер тәрбиесінің рөлін сөз етудің қажеттілігі жоқ деп ойлаймын – оны барлықтарыңыз білесіздер. Алайда келесі статистикалық мәліметке назар аудартқым келеді: мектеп түлектерінің 87% мамандық таңдауды ата-ана мен мектеп мұғалімдерінің ықпалымен жасаса, ал ата-аналардың 75% өз кезегінде балаларының қандай мамандық таңдағысы келетінін білмейді екен... Өкінішті мәлімет, бірақ ол шындық, сондықтан да ата-аналардың мамандық таңдаудағы рөлін, балалардың мамандықтарға икемдігін, білім деңгейін ескеру, сұранысқа ие мамандықтар, білім гранттары сияқты негізгі сұрақтар бойынша пікір алмасу ұйымдастырылды.

\* Мектеп оқушылары мен кездесу де назардан тыс қалмады... Біз өз жұмысымызда «жалаң агитациядан» бас тартып, кәсіби бағыттауды мақсат етеміз. Себебі елімізде жетістікке жеткен, табысты тұлғалардың болуын қалаймыз, ал оның кілті – мамандығын дұрыс таңдауда деп білеміз. Сондықтан да мектеп түлектеріне бейіндік пәндерді

таңдаудағы қателіктер, ҰБТ-ғы өзгерістер талқыланып, университет оқытушылары мен үздік студенттер математика, физика, химия, биология, қазақ тілі, ағылшын тілі пәндерінен арнайы сабақтар, мастер-классстар, ал психолог мамандар «Білім апгрейді» атты тренинг өткізді.

Ал, Шәкәрім университеті мен Жарма ауданының білім бөлімі арасындағы меморандум аясында күні бүгін университет профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Мұхтарбек Қарлықұлы Кәрімов Жарма ауданының педагогтары мен оқушыларына «XXI ғасырдағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай және Алаш қозғалысы» атты арнайы дәріс оқып, пікір алмасты.

**Шәкәрім университеті дарынды түлектерді тартуда, сондай-ақ әлеуметтік осал топтағы жастарды қолдауда. Осы мақсатта Жарма ауданының оқу озаттары, Республикалық деңгейдегі конкурстардың жеңімпаздарына «Шәкәрім гранты» табысталды.**

Адам жақсыға қарап бой түзейді ғой... Жастар жетістікке жеткен тұлғалармен кездесіп, білімді адам шыңға жететіні туралы жиі айтылуы қажет деген оймен «Шәкәрім керуені» аясында Шәкәрім түлектері – бүгінде Ел азаматтары, басшылар, өз саласындағы нағыз мамандар оқушылармен бір залға жиналып, жастарға ой салды деген пікірдеміз.

Қазақ халқының «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген сөзді тек бала тәрбиесімен байланыстырмай, ерте жастан дұрыс мамандық таңдауға баулумен де байланыстыру қажет. Себебі өз мамандығын жастайынан дұрыс таңдаған тұлға, ертең сүйіп еңбек етіп, жетістікке жетері сөзсіз. Ал азаматтары табысты мемлекет көш бастары анық...

Сонда бүгінгі өзекті мәселенің бірі – өңірден үлкен қалаларға немесе тіптен шетелге ағылып кетіп жатқан жастар мәселесі ғайып болар еді.

\* \* \*

400-ден артық қатысушыны қамтыған «Шәкәрім керуені» ауыл мектептерімен байланысына жол ашты, енді екі тарапта белсенділік танытып, жұмысты жалғастыру қажет.

**Индира ОРАЛКАНОВА,**  
Басқарма мүшесі –  
академиялық  
мәселелер жөніндегі  
проректор





# БИЗНЕС КОНСОРЦИУМЫ: SHAKARIM UNIVERSITY & ALMAU

**Шәкәрім университетінде экономикалық өсуді білім беру арқылы реттеп, Орта Азиядағы кәсіпкерлік ойлауды насихаттаушы Almaty Management University өкілдері және бизнес-инвесторлармен кездесу өтті. Басқосуда бірлескен жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.**

Іс-шараға AlmaU ғылым жөніндегі проректоры Бақытжан Саркеев, AlmaU Технологияларды коммерцияландыру орталығының директоры Кеңдік Уайт, Eurasia Agro Holding қаржы бөлімінің басшысы Әсет Изатов, Bondarskaya AG бас директоры Co John Haskell, Eurasia Realstate Development бас директоры Ерлан Мұқашев, Шәкәрім университетінің ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры Жанар Қалибекқызы, сондай-ақ Инженерлік-технологиялық, Ветеринария және агроменеджмент факультеттерінің ғалымдары қатысты.

Shakarim University басшылығы қонақтарды жоғары оқу орнының қызметі, зертханалық-ғылыми базасы және іске асырылып жатқан халықаралық жобалармен таныстырды.

«Университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерінің ғылыми әлеуеті өте жоғары. Бүгінгі таңда көптеген ғылыми, халықаралық жобалар жүзеге асырылуда. Оқу орнында үш ғылыми орталық пен екі ғылыми мектеп жұмыс істейді. Олардың негізінде зерттеулер жүргізілуде. Қазіргі таңда «Жер үсті материалдарын модификациялау» орталығын ашу жоспарлануда. Біз ерқашан ынтымақтастыққа дайынбыз, өйткені құзыреттілік орталығын дамыту



Абай облысының ауыл шаруашылығы саласында кадрлар даярлау үшін маңызды болып табылады», - деді проректор Жанар Қалибекқызы.

AlmaU ғылым жөніндегі проректоры Бақытжан Саркеевтің айтуынша, университет пен бизнестің өзара байланысы практикалық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталғандықтан, оң нәтиже берері анық.

Басқосуда кәсіпкер Ерлан Мұқашев Шәкәрім университетінде фермерлерді оқыту бойынша тренинг алаңын құруды ұсынды.

«Ет сапасын қамтамасыз ету мәселесі бойынша ғана емес, ветеринария және ауыл шаруашылығы саласында да бірқатар өзекті мәселелер бар. Біздің өңірімізде ұлттық қазақ етінің брендін құру үшін барлық жағдай жасалған. Себебі, Шәкәрім университеті – Қазақстанның солтүстік-шығысындағы

ауылшаруашылығы саласындағы жоғары білімді мамандарды дайындайтын жалғыз оқу орны», - деді кәсіпкер.

Алдағы уақытта тәжірибе алмасу үшін австралиялық ғалымдарды шақыру жоспарлануда. Бұл ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мақсатында олардың перспективалық тәжірибесін қабылдауға мүмкіндік береді.

Үлкен жобаларға бастама болып отырған ынтымақтастық шарасы «студент – университет – жұмыс беруші» тізбегіндегі үйреншікті амалдардан бас тартып, білім беру бағдарламалары мен болашақ жұмыс орнына қатысты таңдау еркіндігін қамтамасыз етуге, білім алушыларға бірегей білім алуға мол мүмкіндік берері сөзсіз. Аталған жиын Шәкәрім университетінің облыстық ғылым орталығы мәртебесіне лайықты екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Shakarim Media

## БІЛГІР МАМАННАН, БІЛІКТІ БАСШЫҒА ДЕЙІН

Шәкәрім университетінде «Инженерлік білім – жаңа Қазақстан жетістікке жетудің кілті» диалогтық алаңы өтті. Кездесуге «Семей инжиниринг», «ҚТЖ – Жүк тасымалы», «Kondiz» ЖШС басшылығының өкілдері, «Мансап және жұмысқа орналастыру» бөлімі мен бітіруші курс студенттері қатысты. Жиында жұмыспен қамту және өндірістік іс-тәжірибе, дуалды оқыту, бірлескен ғылыми жобалар мәселелері талқыланды. Іс-шараны «Технологиялық жабдықтар және машина жасау» кафедрасы ұйымдастырды.

Инженерлік-технологиялық факультетінің деканы Гүлнұр Нұрымхан бүгінгі жиынның студенттер үшін маңыздылығын атап өтті. Білім алушылар тікелей өндірістік орындардың басшыларына көкейінде жүрген сауалдарын қойып, жұмыспен қамтамасыз етуге толық мүмкіндіктері бар екендігін тілге тиек етті.

«Бүгінгі іс-шара ерқайсымыз үшін өте маңызды,

өйткені жұмыс берушілер сіздің араңыздан өз қызметкерін тауып, сізден жоғары кадрлық әлеуетті көре алады», - деп түйіндеді факультет деканы. Өз саласының мықтылары студенттерге өз компаниялары туралы жіті ақпарат берді.

«Семей Инжиниринг»

«Бүгінгі таңда зауытта өндіріс көлемі ұлғаюда, өнім ассортименті кеңеюде, техникалық қайта жарақтандыруға және әлеуметтік саясатқа инвестициялар салынуда. Бұл жаңа биіктерге сенімді түрде алға жылжуға мүмкіндік береді», - деді «Семей инжиниринг» АҚ директорының өндірістік бөлім бойынша орынбасары Рәсул Тұрағұлов. Сондай-ақ, бітіруші түлектер дуалды оқыту форматында өздерін жақсы қырынан көрсеткендіктен, өндіріс орны бірқатар студенттерді жұмысқа алмақшы екендігін айтты.

«Kondiz» ЖШС:

«Біздің кондитерлік фабрикамыз – еліміздегі ең жас және қарқынды дамып келе жатқан

кондитерлік кәсіпорындардың бірі. Кәсіпорында орнатылған «Werner & Pfeiderer» неміс компаниясының технологиялық жабдығы біздің зауытты Қазақстан Республикасында да, одан тыс жерлерде де үн кондитерлік өнімдерін өндірушілер арасында жетекші орынға шығаруға мүмкіндік берді. Фабрикада 200-ден астам жоғары білікті мамандар жұмыс істейді. Оның жоғарғы пайызы Шәкәрім университетінің түлектері», - деді директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары Әділбек Акимов.

«ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС:

«Компания құрылымында Қазақстанның темір жолдары желісі бойынша клиенттерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және жүктерді тасымалдау бойынша қызметтердің толық кешенін ұсынатын жол бөлімшелері мен локомотив деполарынан құрылған филиалдық желі бар. Қазіргі таңда ҚТЖ жұмысқа орналасу

үшін сіздер арнайы сайттарға түйіндемелеріңізді өткізулеріңіз қажет. Мысалға, Шәкәрім университетінің түлегі Өйгерім Шымырбаева алдыңғы жылы <https://job.railways.kz/> және <https://qsamruk.kz/> сайттарына түйіндемесін өткізіп, арнайы тест тапсырған. Бүгінгі күні «Жас темір» бағдарламасы аясында менеджер қызметінде жұмыс істеуде. Сол потенциалды мен сіздерден көремін, құрметті бітіруші түлектер!» - деп түйіндеді ҚТЖ мекемесінің инженері Бекзат Каримханов.

Кездесу барысында студенттер өз ойларымен, идеяларымен бөлісті. Ірі отандық компаниялардың өкілдерімен түйіндеме алмасты. Бұл өз кезегінде жастардың жұмыспен қамтылу мәселесіне өз үлесін қосары анық.

Гүлмира ЖУМАДИЛОВА,  
«Технологиялық жабдықтар және машина жасау» кафедрасының меңгерушісі



# ШӘКӘРІМДЕ ЖАҢА ТЕАТР МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ



**Шәкәрім университетінің «Қаракөз» студенттік жастар театрының «Тағдыр ма? Әлде ...» спектаклінің премьерасы өтті.**

Студенттік труппаның негізгі құрамында 30-дан астам өнерпаз бар. Жаңадан сахналанған қойылымға 20-ға жуық өртіс атсалысты. Премьераның қоюшы-режиссері әрі авторы – Бектенов Ергали Сәкенұлы.

Құттықтау сөз сөйлеген Басқарма төрағасы Бауыржан Ердембеков білім алушылардың өнерін жоғары бағалап, акт залының жөндеуден кейінгі ашылу рәсімі жас өнерпаздардың спектаклімен тұспа-тұс келгеніне ризашылығын білдірді.

«Біздің акт залының жаңа сахнасында алғаш рет өнер көрсеткен «Қаракөз» студенттік театрына дән ризамын. Студенттер оқу жылдарында білікті маман болып қана қоймай, әртүрлі бағыттарда жан-жақты дамуы керек. Қарашаңырағымыздың басты миссиясы да осы. Студенттік театрымызға сәттілік тілеймін!», - деді ректор.

Қойылым авторы Ергали Сәкенұлының айтуынша, психологиялық драма жанры жайдан жай таңдалған жоқ. Өкінішке орай, көптеген жастар арасында жаман әдетке әуесқойлар бар. Жат әдетке қарсы күрес жүргізу, оның алдын алу біздің қолымызда. Жаңа дәуірде елімізге қызмет ету үшін жігерлі, денсаулығы мықты ұрпақтарымыз көп болуы тиіс.

– Жаңа форматтағы театр болғандықтан, біз маңызды тақырыптарды таңдадық. Біздің спектакль – жеке өмір ережелерін бағалауға талпынудың дәлелі. Кемшіліктері жоқ адамдар болмайды, бұл кемшіліктерді қоғам қабылдамауы да мүмкін. Жастарға қойылым арқылы жаман әдеттерден аулақ болу керектігін көрсеткіміз келді, - дейді қоюшы режиссер.

Білім алушыларымыз премьерадан кейінгі әсерлерін жасырмады. Ветеринария және агроменеджмент факультетінің бірінші курс студенті Іңкәр Оңгелді қойылымның ұнағандығын, көз жасына ерік бергендігін атап өтті.

– «Қаракөз» студенттік жастар театры көрерменге кезекті қойылымын ұсынды. Қойылым жастар арасында белең алған өзекті тақырыптарды қамтыды. Өмірлері басталмай жатып, қыршынынан қыылғандар қаншама?! Көрерменге түсінікті тілде, жүрекке жетерліктей қойылым болды. Жастық шақты жақсы жағынан пайдаланып, пайдалы іспен айналысуға, бар күнінде қолда барды бағалауға үйретерлік, сәтті премьера болды деп санаймын! Театрға шығармашылық табыстар тілеймін!

Труппаның белді мүшесі, Филология факультетінің екінші курс студенті Еркеназ Шағыманова рөлді сомдаудағы әсерімен бөлісті.

– Театр – қуаныш пен қайғыны, кездесу мен қоштасуды көрермен қауымның алдына бетпе-бет қауыштыратын бөлек әлем. Театрда жай ғана ойната алу жеткіліксіз, өртіс сахнада өмір сүре білуі керек, меніңше. Өртіс болудың қиындығы мен қызығы да осында. Өмірде бөлек тұлға бола тұра, сахнаға, көрермен алдына шығып мүлде басқа кейіпке ену керек болады. Мәселен, көзге көрінбесе де, өмірде көрмесек те, адам бола тұра, шайтан рөлін сомдау оңай емес. Дәл осы қойылымның бір жақсы жері – тілімізге ыңғайлы, көпшілікке түсінікті, яғни, ауызекі тілде сомдауымыз. Бұл – ең алдымен, сценарийдің шеберлігі деп білемін. Өзіміз көрмеген о дүниедегі өмірді, ондағы періштелер, өмірдегі ақ пен қараның қатар жүруі, махаббат, сатқындық, достық, айла-тәсілді бұрыс жолдармен іске асыру барлығы осы бір қойылымда қамтылды. Көрмесек те, көргендей болып, сахнада өмір сүруге тырыстық! - деді жас өртіс Еркеназ Дәуренқызы.

Білім алушылардың жан дүниесін білім нәрімен сусындатып қана қоймай, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңіріп, орнықты тәрбие беру – оқу орнының негізгі міндеттерінің бірі. Осы игі жолда театрдың берер қазынасы мол. «Қаракөз» студенттік жастар театрына шығармашылық табыс пен өркендеу тілейміз! Алар асуларыңыз, бағындырар белестеріңіз көп болғай!

**Жансия ТӨЛЕУҒАЗЫ,**  
журналист





# «АРМАНДАСТАР» АНСАМБЛІ немесе БАС ГИТАРИСТ ӘБІЛ СЕЙСЕКОВ

**Қымбатты оқырман! Назарларыңызға университет түлегі, бұрынғы Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтының атын КСРО-ға танытқан «Армандастар» ансамблінің мүшесі Әбіл Сейсековтің сұхбатын ұсынамыз.**

– Аға, «Армандастар» ансамблі қалай құрылды?

– «Армандастар» құрамында арман арқалаған кілең жалынды жастар болды. Біздің өнерге деген құштарлықтарымыз, намысқойлықтарымыз, табиғи таланттарымыз бен талмай ізденіп тер төккендеріміздің арқасында қысқа мерзім арасында республиканы қойып, Одаққа танылды. Ансамбльдің тарихы 1973 жылы басталды. Сол жылы ансамбль КСРО көлеміндегі Ауылшаруашылық институттары арасындағы көркемөнерпаздар байқауына қатысады. Омбы қаласында өткен осынау одақтық жарыста семейлік зооветтің өнерпаздары үшінші орынды иеленіп, арнайы дипломмен марапатталады. Байқаудың төрағасы бізге деген ойымен айрықша тоқталып, тенті болған.

– Келер жылы Армандастардың 50 жылдық мерейтойы. Ансамбль мүшелері қазір қайда? Араласып тұрасыздар ма?

– Уақыт зымырап өтіп, біз жоғары оқуымызды да аяқтадық. Әр солист жан-жаққа кетті. Шынымен де уақыттың ағысына ешкім де, еш нәрсе де төтеп бере алмайды. Әкінішке орай, оқуымызды аяқтағаннан кейін топты қайта жаңғырту деген ойда болмады. Өйткені ерқайсымыз өз мамандығымыз бойынша қызмет атқардық. Мені оқу аяқталғаннан кейін Қостанай облысына жұмысқа жібереді. Ол жақтан жұмыс орны табылмай өз туған жерім Талдықорғанға ораламын. Ауыл шаруашылығы министріне кіріп өз жайымды айтқан кезде бірден жұмыс орнын тауып берді. Тағдыр шығар бәлкім, десек те Семей облысы Шар қаласының «Шалабай» деген жерінде мал дәрігері болып қызмет атқардым. Өмірлік жарым техникалық институтта оқып жүрген еді. Жақын жер болған соң бірден келістік. Ал ансамбльге келетін болсақ, жетекшіміз – Мұрат Тұраров. Бір қызығы, ансамбль жетекшіміз Мұрат Тұраровтың ғана арнаулы музыкалық білімі болған. Арамыздағы жалғыз аккорд, нотаны оқыған талантты жас жігіт болатын. Қалғандарымыз кілең зооветтің студенттері едік. Гитарада мен, соло-гитарада Тұрсын Тұрысханов, екінші Бас гитарада Төлеубек Сабалақов, ұрмалы аспапта Нұрлан Ахметқалиев және жеке өңшілер Арқалық Бұтабаев, Темірболат Молдаханов, Өмірлік Мұхамедиев, Гуля Рахпанова, Лея Штайгер, Асыл Ибраев сынды қыздар мен жігіттер болатын. Бірақ, бәріміздің бойымызда Тәңірдің тарту еткен табиғи талант болды. Біздің жастық жалынымызды, табиғи дарынымызды, өнердегі қарымызды қатты бағалаған институт ректоры Уәлхан Әбділманов, малдәрігері кафедрасының меңгерушісі Кенеев Марат Айдарұлы, профессор

Зейнолла Қалымбекұлы сынды ұлтжанды ағаларымыз «Армандастарды» үстінен құс ұшырмай аялап ұстауға атсалысып бақты. Десе де, біздің құрам 1978 жылдары тарап тынады.

– Ансамбльдің негізгі репертуары ұлттық әндерді жаңғырту болды. Сол кездері қиын болмады ма?

– Әрине, ол заманда кілең орысша әндер еді. Ұлттық болмысымызды қайтадан жаңғыртқымыз келді. Тіпті қаламызда қазақи әндерді айтатын өнерпаздар некен-саяқ болатын. «Армандастар» репертуарын ұлттық бояумен байытуға бір кісідей атсалыстық. Дәстүрлі әндерімізді эстрадаға түсіруде ерекше күш шығарып, халықтық әндердің болмысын бұзбауды бірінші кезекке қойдық. Сол себепті де біз жатақханада отырғанда ән айтатынбыз. Сөйтіп ойымызға неге ансамбль құрмасқа деген жалынды ой туындады. Институт басшылығы бірден қолдады. Музыкалық аспап, арнайы аудитория берді. Сол аудиторияда небір әндер шырқалды. Бір айта кететін жағдай, біз Одаққа танылғаннан кейін өңші, сазгер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Болат Сыбанов бізді арнайы іздеп келіп, өз әнін шырқауға береді. Ол кісінің де арнайы музыкалық білімі жоқ, домбырада, фортепианода, гармонияда ойнауды жақсы меңгерген музыкант болды. Ол кісі домбырада қазақи әндерді ғана айтатын, біздің стилімізді көргеннен кейін «Ансағаным» әнін тарту етті. Болат ағамыздың інісі, марқұм Темірболат Молдаханов әнін шырқады, біз ансамбльде ойнаған болатынбыз.

Зооветтің 70 жылдық мерейтойы аясында Шәкәрім университетінің ұйымдастыруымен өткен бірнеше шараға қатыстым. Театрдан шыққаннан кейін кейбір замандастарымның інілері танып қарашаңырағымызға жеткізіп салды. Силикатный кампусындағы өзгерістерді көріп көңілім толды. Шынымен факультет заманға сай өз дәрежесін түсірмеді. Оқу орны басшылығы, ұжымы бізге білім берген ұстаздарымызды ұмытпағанына көңілім риза. Себебі, ол кісілердің атын мәңгі өшпейтіндей қылып үлкен лабораториялық зертханалар, мамандырылған аудиториялар ашыпты. Соны көріп іштей риза болдым. Әсіресе, профессор В.С.Федосеев атындағы микробиологиялық ғылыми зертхананың ашылуы мен жәрмеңкелердің өткізілуі.

– Ансамбль «Дос-Мұқасан» тобымен тең дәрежеде көрінді. Сезімдеріңіз қандай еді?

– Республика көлемінде үлкен ұжымдар арасында патриоттық әндер байқаулары жиі ұйымдастырылатын. 1975 жылы бізде қатысып көрдік. Республика бойынша қатысқан 52 өнер ұжымы ортасынан екінші орынды еншіледік. Айтпақшы, осы



жылы «Армандастардың» солист-әншісі болып барып қайтқан Роза Рымбаева да үлкен сахнада бірінші рет шығуы еді. Роза Рымбаева біз оқып жүргенде біздің ансамбльге келіп дайындалатын. Жиі келетін. Бізбен бірге байқауларға қатысатын. Кейін «Гүлдер» ансамбліне өнер көрсете бастады. Қысқа мерзім ішінде біз бүкіл Одаққа танылды. Қанат қатаятып үлгерген өрімдей өнерпаздар үшін аз жетістік емес еді, әрине. Сондай-ақ, осы байқауға «Армандастар» Семей атынан ВИА ретінде қатысып, Роза Рымбаева осы топтың жеке әншісі қатарында ән шырқағанын айтпай, кетуге болмас. Алматы сахнасынан айрықша талантпен, асқақ үн, әуезді әнмен үздік көрінген «Армандастарға» Шәмші Қалдаяқов, Ескендір Хасанғалиев сынды сахна санлақтарының да назар аударып, талаптарына тілектестіктерін білдіріп шаңқобыз және басқа да аспаптар тарту етті. Ол кісілердің батасын алу бізге зор құрмет.

– Жастарға айтарыңыз

– Әрине, біз де жас болдық. Қазір зер салып қарасам, қаншама мотивациялық кітаптар бар. Бірақ, біз ұлы Абай атамыздан асып ешқайда бара алмаймыз. Уақыт өте келе «ҰЛЫ» сөздің түбірін түсінесіздер. Жай ғана 5 нәрсеге асық бол, 5 нәрседен қашық бол деген сөздің өзі, күллі қазақ тәрбиесін көрсетеді. Қымбатты жастар! Өрдайым білімге, ғылымға және ізденіске құштар болыңыздар! Абай атамыздың мына сөзімен аяқтағым келеді:

*Жастықтың оты жалындап,  
Жас жүректе жанған шақ.  
Талаптың аты арындап,  
Әр қиынға салған шақ.  
Уайым аз, үміт көп,  
Ет ауырмас бейнетке,  
Бүгін-ертең жетем деп,  
Көңілге алған дәулетке.  
Қайратпен кіріп, жалынбай,  
Ақылмен тауып айласын.*

**Сұхбаттасқан:  
Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ**

# СТУДЕНЧЕСКИЕ ГОДЫ, НЕСОМНЕННО,

Поступление в Университет Шакарима для меня было большой неожиданностью так, как я впервые оказалась в большом незнакомом мне городе. После ЕНТ для большинства выпускников наступает «режим ожидания», в предвкушении начала самостоятельной жизни – так было и у меня.

Однако когда впервые вошла в университет, меня охватили разные чувства: радость от новых знакомств, растерянность от количества студентов в группе, смущение от студентов, ищущих новый опыт. Я поняла, что здесь могу создать свое идеальное будущее.

Вокруг столько незнакомых людей, столько информации, которая льется на тебя потоком, а ты не знаешь, как разобраться в ней и у кого просить помощи. В течении первых двух месяцев, я часто сомневалась в своих возможностях, в голову часто приходил вопрос: что я здесь делаю? Как начать все с нуля? Но эти чувства прошли само собой с появлением Бакеновой Камилы Сериковны в моей жизни.

С Камиллой Сериковной, которая сейчас занимает должность специалиста в отделе воспитательной работы и молодежной политики, мы познакомились по стечению обстоятельств. В тот период она являлась малым деканом информационно-коммуникационного факультета. Нынешние первые и вторые курсы даже не знают о существовании этого факультета, а для меня он стал новым витком жизни в незнакомом для меня городе. Моим первым деканом была Айгуль Кайруллаевна, заместители декана Дана Сериковна и Бакытгуль Кадырхановна. Впервые именно от них я увидела сплоченность, командную работу и заинтересованность в жизни студентов.

## Моим наставником стала...

Как я все-таки познакомилась с Камиллой Сериковной?

На тот момент шел отбор на Венский бал, а я просто спустилась на нулевой этаж за курткой. Мне настолько не хватало эмоций, что просто застыла и наблюдала за происходящим с горящими глазами. Камилла подошла и что-то спросила, честно говоря, уже не помню, что именно. В этот момент я была очень замкнутой, стеснительной и почти не понимала казахский язык. Увидев ее, я поняла, каким я хочу стать студентом, и то, что для меня важна не только учеба, но становление себя как личности. От нее веяло уверенностью. Дальше - все поехало как по маслу. Камилла нашла мне пару на Венский бал, каждый день - полная занятость, знакомства, новый опыт. Спустя долгое время репетиций, наступил день X, я чувствовала уверенность в своем партнере, поэтому не сильно волновалась. В тот день мы стали семикратными чемпионами городского бала. Именно в этот момент почувствовала гордость за работу команды, появилось желание доказать себе, что я – командный игрок. После этого бала, впервые пошла на собрание малого деканата. Не успев



начать работу, Камилла сказала, что отдаст свой пост следующему малому декану. Через неделю она сказала, чтобы я обязательно присутствовала на собрании и сказала что-то о хорошей новости. На собрании объявили о моей первой должности – староста русского потока факультета. Для меня это было шокирующей новостью, в голове снова вопросы: смогу ли Я? Достояна ли я этой должности? В тот момент я была еще в большей растерянности, чем в первый день поступления. Но в тот момент поддержка Камиллы Сериковны оказалась решающим фактором, и я поняла, что не имею права подводить команду факультета.

Но как мы все знаем в 2020 году начался карантин, и я словила себя на мысли, что зря потратила время и поехала домой. Но на карантине работа не остановилась, вместе с командой мы устраивали разные онлайн-конкурсы, тренинги и викторины. Учеба мне давалась очень тяжело так, как никогда не интересовалась IT-сферой, поступила из-за того, что в тот момент свое развитие взяла цифровизация Казахстана, и данная сфера остается актуальной и сейчас. Наши преподаватели делали все, чтобы каждый предмет был интересным и понятным, у них это получалось.

В марте 2021 года Камилла Сериковна попросила меня приехать и помочь деканату с работой со студентами. На тот момент я в ничтожной степени осознавала, как организован процесс работы со студентами. Но в это время на факультете все поменялось, малым деканом стал Курмангазин Аян, старой команды нет, а о

новой не было и речи.

Тогда впервые Аян провел собрание со студентами первого курса, собралось небольшое количество ребят, а из старших курсов Камила Сериковна, и моя подруга Кадырханова Камилла. Этот период моей студенческой жизни является самым ярким. Я увидела то, что раньше не замечала ни в ком: бешеную и беспрекословную любовь к факультету и к своему делу от Камиллы, новый взгляд и поразительные идеи от Аяна, сдержанность и образованность не по годам от Камилы. Таким образом, Я и Камилла стали заместителями малого декана, Камилла Сериковна была нашим наставником.

## Я стала частью студенческого парламента...

Именно в это время в моей жизни появился студенческий парламент, тогда я впервые стала представителем своего факультета. В тот день я увидела лидеров всего университета: Абзалбек Акжигит, Сулейменов Нурбол, Кобейов Еркебулан, Сейтназарова Диана, Беккожина Аружан и многие другие.

Рядом с этими студентами я чувствовала себя менее уверенно. Но я никогда не подавала виду и первое время только слушала и наматывала на ус происходящее.

Если честно тогда я впервые узнала о существовании департамента по социальной и воспитательной работе, в моем понимании были только деканы факультетов и спикер университета. В тот же день я познакомилась с Айдосом Абылгазиевичем. В первый день знакомства он казался для меня настоящим лидером, в нем я видела трудолюбие, уверенность. Когда узнала, что он по специальности учитель физической культуры, была в шоке, ведь он настоящий дипломат, который найдет подход к любому человеку.

К середине второго курса я стала ма-





# ПРИЯТНЫЕ ВОСПОМИНАНИЯ ...

лым деканом факультета. После наш факультет объединили с инженерно-технологическим. Здесь началась моя первая игра на выживание. Сейчас это кажется для меня таким смешным, но в тот момент я была опустошена. В голове мысли только о том, как мне сохранить свою команду в полном составе и быть конкурентоспособными. Тогда я почувствовала настоящую поддержку от своей команды, особенно от Камили, которая ночами напролет составляла план по дальнейшей работе с командой. На свой риск и страх мы решили сделать посвящение и официально составить структуру команды.

## Новый ректор - новые возможности

С появлением нового Ректора в жизни университета все поменялось, начиная от состава преподавателей до появления разных проектов направленных на развитие жизни активистов.

1 апреля 2021 года я впервые зашла в мой нынешний деканат. Я познакомилась заместителем декана по воспитательной работе ИТФ с Айгуль Заманбековной, а ныне руководитель отдела воспитательной работы и молодежной политики. В первый день знакомства мы будто не слышали друг друга, она мне объясняла, а я пыталась донести что-либо свое, как бы это смешно не звучало, но в тот момент мне хотелось плакать. В этот период жизни я осознала, что не все идет по моему плану и мир не крутится вокруг меня. Тогда я научилась находить компромисс, чему благодарна до сих пор.

Спустя время я стала малым деканом Инженерно-технологического факультета, это было сложно для меня. В два раза больше студентов, никого из них я не знала. Помню до сих пор как на первом собрании со студентами факультета у меня тряслись руки и дрожал голос.

Спустя время я смогла понять Айгуль Заманбековну, а она меня...

Именно она научила относиться к моей жизни активиста, как к работе, научила требовать и контролировать все происходящее вокруг.

## Новая жизнь для факультета

В конце второго курса наш ректор Бауыржан Амангельдыевич выделил для наших активистов целый корпус университета, именно в этот момент мы почувствовали самую большую поддержку. Стены этого корпуса слышали самые интересные идеи, самые смешные шутки, самые сильные слова поддержки и самые горькие слезы.

С появлением этого корпуса начались первые мероприятия после карантина. Только в конце второго курса после участия в мероприятиях, и проведения собраний, на которых мы подводили итоги участия и организации, я поняла, ради чего старалась я и моя команда.

Так я закончила второй курс, к тому же умудрилась закончить год на пятерки и вы-



йти на повышенную стипендию, чем гордился больше всего.

## Как прошел мой третий курс?

Третий курс начался с бешеного темпа работы, с первых дней вместе со студенческим парламентом мы проводили кино показы, ярмарки организаций, чтобы сразу показать первым курсам уровень нашей подготовки.

В середине сентября впервые под моим руководством мы сделали Welcome Party для нынешних второкурсников. От количества пришедших на собрание я растерялась, но моя команда взяла все в свои руки. Желающих в нашу команду превышало сотню студентов.

В октябре 2021 года мне предложили должность заместителя спикера университета по работе с факультетами и общежитиями. Это был для меня очень трудный выбор, так как у меня была команда мечты, но я знала, что это новый этап моей жизни и нужно идти дальше. Так я оставила свою команду в руки Акмырза Бекзатхана, но с большой любовью продолжала присутствовать на собраниях и поддерживать на мероприятиях.

В данный период моей студенческой жизни мне посчастливилось поработать с пятью разными командами и увидеть внутреннюю систему 4 общежитий что, несомненно, сказалось о моем опыте работы со студентами.

На третьем курсе я решила участвовать в конкурсе «Лучший студент СНГ», главным условием конкурса была биография, которую писала неделю. Именно в этот момент я вспомнила и поняла какие эмоции я пережила благодаря своему университету. Так в феврале 2022 года я полу-

чила звание Лучшего студента СНГ второй степени от международной ассоциации студентов «Бобек».

В новом учебном году Ректор университета начал новый проект TOP-100 студентов университета. Этот проект не подтвердил поддержку для молодежи, но и дал новый глоток в жизни студентов. Лично для меня этот проект был новой возможностью доказать и показать свою работу и достижения не только в одной области, но и в спорте, науке, SMM и других отраслях. В этом проекте предусмотрены всесторонние возможности наших студентов. Также не стоит забывать о длительности этого проекта длиною в год, что давало возможность оставаться духом соперничества в течении всего времени. Все студенты старались соответствовать лидеру этого проекта Сулейменову Нурболу, который занимал свою позицию целый год.

К концу третьего курса я имела более 30 благодарственных писем, 2 медали и огромный опыт который до сих пор ведет меня только вперед.

В первую очередь, хочу поблагодарить университет за людей, которых я встретила на протяжении всего обучения, за возможность стать частью огромного студенческого сообщества, где каждый старается вырасти и стать достойным гражданином Республики Казахстан.

Не побоюсь признаться в том, что благодаря этому университету я стала личностью, которая имеет свой опыт, свое мнение. Впереди у меня возможность стать стопроцентным профессионалом в своей сфере.

**Гузаль САРСЕМБИНОВА,**  
студентка  
Инженерно-технологического  
факультета

## ALUMNI SHAKARIM UNIVERSITY - КУАНЫШ СУЛЕЙМЕНОВ



Куаныш Сулейменов окончил исторический факультет Семипалатинского государственного университета. Затем продолжил образование в Казахской государственной юридической академии, Государственном университете имени Шакарима в Семей по специальности «Технология производства продуктов животноводства», в результате чего получил степень магистра сельскохозяйственных наук. Он «золотой» выпускник нашего университета.

- Я окончил университет имени Шакарима по педагогической специальности. Начал работать в школе, только в качестве сантехника. Затем перешел на должность военного руководителя, так как я служил в армии и имел офицерское звание. В 2001 году стал завучем-организатором. Мною были созданы различные крупные организации, которые

и по сей день функционируют. Когда в школе шла смена руководства, мне предложили стать директором. На то время мне было 27 лет. Проработал в должности директора полных пять лет. В сферу сельского хозяйства я пришел неожиданно. Прочитав статью в газете, где один человек написал: «Хочу купить сельскохозяйственное предприятие, чтобы мои дети знали, что такое ауыл», я написал ему обращение, сказав, что не нужно покупать готовое, когда можно восстановить бывший племенной завод в Шалабае. Он ответил мне в январе 2006 года, и пригласил к себе. При встрече я рассказал ему о ситуации, происходящей в Шалабае, а именно то, что в школе из 320 учащихся осталось 140 — все уезжали, так как не видели в этом селе будущего. Выслушав меня, он обещал помочь с решением проблемы возрождения села. Так я оказался в сфере сельского хозяйства. Проработал здесь 16 лет. Стартовал с маленькой фермы, на сегодня наше хозяйство в Шалабае является крупнейшим в Казахстане. Весь путь сложился так, что в этом году меня назначили секретарем маслихата области Абай. Поначалу я отказывался, ведь это большая ответственность. Но я решил взяться за это дело, так как настало время работать для общества и благополучия граждан, - сказал Куаныш Серикказы-ваевич.

В настоящее время Куаныш Сулейменов проводит регуляр-

ные сессии, работает над концепцией «Слышащего государства».

- Здесь каждый день непредсказуем. Маслихат образовался не так давно. Это короткий срок, но за это время коллектив сформировался полноценным, а самое главное, желающим работать. Именно по этой причине процесс работы складывается нормально. За три месяца люди стали одной семьей, и всю работу, возложенную на маслихат, выполняют на отлично. Маслихатом за первые 90 дней было принято 290 человек. Большее количество запрашиваемых ими вопросов было решено положительно, - говорит секретарь маслихата.

Отметим, что Куаныш Сулейменов — народный любимчик. Он часто проводит встречи с населением, личные приемы с гражданами, а также всегда открыт к диалогу в социальных сетях.

Так, например, через социальные сети обратилась жительница поселка Степной Гульжан Магавьянова с вопросом об открытии аптеки. Куаныш Сулейменов, пригласив ее на встречу, взял вопрос под контроль. Сегодня в поселке помимо аптеки открыт дневной стационар на две койки, где жители активно получают медицинские назначения.

В свою очередь, секретарь маслихата области Абай Куаныш Сулейменов отметил, что обратиться со своей просьбой к исполнительным властям может каждый человек. Это развивает концепцию «Слышащее государ-

ство» и помогает решить многие проблемы. Государство начинает слышать своих граждан, ведет с нами открытый диалог, слышит желания граждан, при этом своевременно реагируя на них и удовлетворяя запросы. А ведь это и есть становление нового, слышащего и демократического Казахстана, к которому мы так стремимся.

Ну а университет имени Шакарима для нашего героя действительно занимает особое место. Он поделился мнением, что вуз — это кладезь знаний, сокровищница квалифицированных преподавателей и профессиональных выпускников. И с момента его выпуска, учреждение образование изменилось только в лучшую сторону.

- Мне нравится, что в университете все больше молодых кадров. Молодые специалисты очень профессиональные и креативные. У них большой потенциал. Я сам лично разговаривал с ректором Бауыржаном Ердембековым по этому поводу. В руководстве приходит все больше молодежи, и это, несомненно, радует, - поделился он.

Секретарь маслихата области Абай, обращаясь к нашим студентам, посоветовал быть целеустремленными. Особенно, в своей профессии. Он упомянул, что важно работать по своей профессии. Это докажет, что те знания, которые вы получали на протяжении обучения в университете, были даны не зря.

**Замира МУРСАЛИМОВА**



**Шәкәрім университетінің Гуманитарлық-экономика, Ветеринария және агроменеджмент, Жаратылыстану-математика факультеттері мен Шәкәрім жоғары колледжі қарашаңырақ намысын дәстүрлі «Вена балы – 2022» байқауында қорғады.**

Вальс әуеніне ұласқан, мажорка, полонеза, менуэт билеген жастар кештің сәнін кіргізді. Салтанатты кеш сымбатты серілер мен сұлу бойжеткендер қатысатын Вена балына ұқсады. Бүгінгі таңда сұлулық пен саф өнерді паш ететін мұндай бал кештерінің тек, Австрия жерінде өткізілетінін ескерсек, әсем кешті шәкәрімдік студенттер өзара бөлек, заманауи үлгіде ұсынды.

Эстетикаға толы кеште Шәкәрім жастары оқ бойы озық екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Кеш қорытындысы бойынша, Жаратылыстану-математика факультеті 1 орын иеленсе, Шәкәрім жоғары колледжі мен Әлихан Бөкейханов университетінің студенттері 3-орынға жайғасты. 2 орынды Семей медициналық университеті алды.

Талантты да талапты студенттерімізді жеңістерімен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз! Алар асуларыңыз, бағындырар белестеріңіз көп болғай! Біз сіздерді мақтан тұтамыз! **ЖАСАСЫН, ШӘКӘРІМ ЖАСТАРЫ!**

## ШӘКӘРІМДІК АРУЛАР ВОЛЕЙБОЛДАН ТОП ЖАРДЫ



**Павлодар қаласында волейболдан ЖОО арасында аймақтық студенттік спорттық лига ұйымдастырылды. Спорт бәсекесі төрт күн көлемінде өтіп, командалар өзара мықтыны анықтауға тырысты.**

Нәтижесінде Шәкәрім университетінің қыздар командасы тартысты, қызықты үздік ойын көрсетіп жүлделі II орынды иеленді. Осылайша, қыздар командасы республика көлемінде өтетін лигаға жолдама алды. «Үздік байланыстырушы» номинациясына Нұрай Мұрат лайықты болды.

Жеңімпаз қыздарымызды жеңісімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы республикалық жарыста сәттілік тілейміз! Бағындырар белестеріңіз көп болсын!

**ШӘКӘРІМ мекені сіздермен мақтанады!**



# ӘЛЕУМЕТТІК КРЕДИТ

**Шәкәрім университетінде студенттерді әлеуметтік және қоғамдық пайдалы қызметке кеңінен тартуға бағытталған «Әлеуметтік кредит» жобасы 2022-2023 оқу жылынан бастап енгізілді.**

Жобаның негізгі мақсаты білім алушылардың әлеуметтік бағыттағы жұмыстарды ерікті түрде атқаруына, университетішілік әлеуметтік қызметтер бойынша жәрдемдесуге, қоршаған ортаны қорғауға, әртүрлі деңгейдегі шараларды ұйымдастыруға және белсене қатысуға, білім алушылардың әлеуметтенуіне жағдай жасау, қоғамдық игі істерге араласу белсенділігін арттыру және студенттердің қоғамдық жұмыстарға қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Әлеуметтік кредит «Білім», «Мейірім», «Асар», «Көмек», «Таза әлем», «Асыл мұра», «Жылы жүрек» және «Шәкәрімге шапағат» бағыттарынан тұрады.

«Білім» бағыты – құқықтық, цифрлық, қаржылық, тілдік, компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыру бойынша курстар өткізу, білімге құштарлықты дамытатын үйірмелер жұмысын үйлестіру, инклюзивті білім беруге жәрдемдесу және девиантты мінез-құлықты көмекке толмаған балалармен жұмыс жасау.

«Мейірім» бағыты – көмекке мұқтаж әлеуметтік топтарға қызмет көрсететін мекемелер мен басқа да әлеуметтік бағыттағы ұйымдардың жұмысына қатысу,

қайырымдылыққа бағытталған шаралар ұйымдастыру.

«Асар» бағыты – көпшіліктің жұмылуымен іске асырылатын университеттік жұмыстарға қатысу.

«Көмек» бағыты – волонтерлармен халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық іс-шараларды (форумдар, универсиадалар, фестивалдар, спартакиадалар және т.б.) өткізу, іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу, университетішілік шараларға белсене қатысу, аймақтық үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе жұмыс атқару.

«Таза әлем» бағыты – қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шаралар ұйымдастыру, сенбіліктер мен ағаш отырғызу акцияларына қатысу.

«Асыл мұра» бағыты – тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау бағытындағы жұмыс, туризмді дамыту мақсатында ұйымдастырылатын экскурсиялар (мұражайларға, кітапханаларға және қаланың басқа да көрікті жерлеріне бару) барысында қызмет көрсету, «Жәдігер жерде қалмайды» акциясы аясында тарихи мұраларды жинау.

«Жылы жүрек» бағыты – университеттің оқу-көмекші және қызмет көрсету персоналдарына жәрдемдесу.

«Шәкәрімге шапағат» бағыты – университеттің дамуы мен оқу орны туралы оң көзқарас қалыптастыруға атсалысу, оқу ғимараттарын безендіру мен әрлеу

жұмыстарына қатысу.

Аталған бағыттар бойынша студенттердің оқудан тыс атқарған қоғамдық жұмыстары есепке алынып отырады. Әр студент оқу жылында 2 әлеуметтік кредитті, яғни 60 әлеуметтік сағатты өтеуі тиіс. Аталған жобаны іске асыру үшін студенттерге арналған student.shakarim.kz порталында жарияланған тапсырыстарды таңдап, тіркелу қажет. Тапсырыстарды университеттің құрылымдық бөлімдері, факультеттер және кафедралар ұсына алады. Сонымен қатар аймақтағы мекемелер мен ұйымдарда өздері ұйымдастыратын шараларға шақырту жібере алады. Барлық қызметтерді қабылдау және порталға орналастыру құқығы оператор ретінде бекітілген тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімі арқылы іске асады.

Университет студенттерінің жоба туралы пікірі екіге бөлінуде деп айтуға болады. Оның басты себебі білім алушылардың әлеуметтік сағаттарды толтыра алмай қаламыз ба деген қорқыныштары. Дегенмен студенттердің көпшілігі шараларға белсене қатысуға ниет білдіріп, шаралардың жиі ұйымдастырылуын сурауда. Жоба басталғалы мәдени-бұқаралық іс-шараларға студенттердің қатысу көрсеткіші айтарлықтай артқанын байқауға болады. Сонымен қатар оқытушылар мен студенттердің бастамасымен өтетін шаралар саны да өткен оқу жылдарымен салыстырғанда артты.

Жоба басталғанына аз уақыт өтсе де өзінің көзге мақсаттарына жетіп жатыр. Себебі қоғамдық өмірде белсенді емес жастар шараларға қатысу арқылы жаңа орта тауып университет белсенділері қатарына қосылуда. Соңғы мәліметке сәйкес, үш мыңға жуық студент жобаға қатысты. Оның ішінде 300-ден астам студент толық кредитті өтеді. Келіп түскен тапсырыстар мен тізімдерді сараптайтын болсақ, желтоқсан айының басына дейін студенттердің ба-сым бөлігі семестрдегі 30 сағатты толтырады деп күтілуде. Басым көпшілік студенттерден жатақханалар, кафедра мен факультеттің ішкі жұмыстарына жәрдем көрсетіп оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынастың нығаюына себеп болуда. Үлкенге құрмет көрсету, өз ортасына көңіл бөлу, еңбекті құрметтеу сынды құндылықтар осындай кішігірім шараларға қатысудан бастау алады. Жобаның нақты қорытындысын жыл соңында көретін боламыз. Аталған жоба қаншалықты студенттерге түсінікті болды, қанша студент белсенділер қатарына қосылды, білім алушылардың аталған мақсаттарға жетуіне қандай кедергі бар және т.б. сұрақтарға сараптама жасалына-тын болады.

Бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесінде назар аударатын жайттар аз емес. Білім мен тәрбие егіз десек, сол тәрбиенің бір қанаты – жастарды қоғамдық пайдалы еңбекке баулудың ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы зор екені белгілі.

**Қуаныш МОЛДАҚАШЕВ,  
Тәрбие жұмысы және  
жастар саясаты  
бөлімінің маманы**

**Shakarim Media** пре-  
доставляет вашему  
вниманию интересные  
факты из жизни обла-  
сти Абай.

Площадь вновь обра-  
зовываемой Абайской об-  
ласти составит 185,5  
тысяч квадратных кило-  
метров с административ-  
ным центром в городе  
Семей. Область состоит  
из 8 районов и 2 городов  
областного подчинения.

С древнетюрского Се-  
мей переводится как «ду-  
ховное место».

Первая футболь-  
ная команда Казахстана  
«Ярыш» возникла в Се-  
мипалатинске почти сто  
лет назад. В составе ко-  
манды играл Мухтар Ау-  
езов.

**Семей был основан  
на месте буддийских  
храмов.** Это подтверж-  
дает само название города  
- Семипалатинск. Назван  
он в честь семи буддий-  
ских калмыцких храмов,  
которые существовали

## ИНТЕРЕСНЫЕ ФАКТЫ

неподалеку от джун-  
гарского поселения До-  
ржинки. Об этих храмах  
русские исследователи  
писали еще в начале XVII  
века. Они также писали о  
том, что храмы эти постой-  
но подвергаются разру-  
шению в ходе частых ка-  
захско-джунгарских войн.

**Семей менял свое  
местоположение 4 раза.**

Историки пишут, что го-  
род Семей был основан в  
1718 году. Но это совсем  
не тот Семей, к которо-  
му мы привыкли. Тогда  
крепость располагалась  
в 18 километрах ниже по  
течению от нынешнего го-  
рода. Поменялось место

потому, что выбрано оно  
было крайне неудачно! А  
именно - в низине, когда  
сверху без труда непри-  
ятель мог все в крепости  
разглядеть. Да и вода,  
поднимающаяся в Ирты-

ше, часто мешала своими  
потопами.

**Семипалатинск на-  
ходится в центре Евра-  
зии.** Многие считают цен-  
тром Евразии памятный  
знак у дома-музея Абая  
в Жидебае "Центр Евра-  
зийского континента".

Первый и один из  
крупнейших ядерных  
полигонов СССР рас-  
положен в 130 км севе-  
ро-западнее г. Семей, на  
левом берегу реки Ир-



тыш. Также известный как  
«СИЯП» — Семипала-  
тинский испытательный  
ядерный полигон. Был за-  
крыт 29 августа 1991 года  
решением правительства  
РК.

На озере Алаколь  
есть уникальные острова  
где расположены гнездо-  
вые колонии реликтовой  
чайки, редчайшего вида,  
внесенного в Красную  
Книгу Международного  
союза охраны природы.

Также интересным фак-  
том является то, что на  
"Птичьем Острове" озе-  
ра Алаколь, можно уви-  
деть стаи фламинго и 40  
других видов птиц. Так-  
же уникальностью озе-  
ра является: лечебные  
свойства воды и грязи.  
В советские времена на  
озере Алаколь космонав-  
ты проходили послепо-  
летную реабилитацию.  
По преданиям, в средние  
века войска Чингисхана  
устраивали перевал у  
берегов целебного озера  
для восстановления сил  
и раненные воины вновь  
обретали здоровье и бо-  
дрость.

Подвесной мост в  
Семее – единственный  
в СНГ и 17-й по счету в  
мире.

**Замира МУРСАЛИМОВА,  
журналист**

# ҚЫСҚЫ СЕССИЯ: ҚАШАН? ҚАЛАЙ? ҚАЙДА?

*Құрметті студенттер, алдарыңызда қысқы сессия тақап келе жатқанын білесіздер! Біреулеріңізге алғашқы сессия болса, екіншілеріңізге «сессия» ұғымы таныс. Бірақ, жылда бір кішкене болса да өзгерістер енуі абзал. Сессия мәселесі бойынша Тіркеу офис жетекшісі Мадина Джунусованың сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.*

## 2022-2023 оқу жылының қысқы сессиясы қашан басталады?

Қысқы сессия 19 желтоқсанда басталып 31 желтоқсанға дейін өтеді. Қысқы сессия кестесі порталда жүктеліп тұр, білім алушыларға қол жетімді.

## Сессия қандай форматта өтеді және қандай жағдайда онлайн тапсыруға рұқсат беріледі?

Емтиханның 5 түрі бар: ПРОЕКТ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА, ЭССЕ, КЕЙС ТАПСЫРМА, БІРНеше ДҰРЫС ЖАУАБЫ БАР КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕСТІЛЕУ. Аталған барлық емтихан түрінен ОФЛАЙН форматта өтеді.

Онлайн форматқа келсек, КЕЙС ТАПСЫРМА онлайн тапсыруға болады, тек келесі екі шартты қанағаттандырса. Олар:

- 1) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар анықтама болғанда;
- 2) халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдерге қатысқан жағдайда.

## Әр пәннен емтихан түрі қандай болатынын қайдан білуге болады?

Емтихан түрі порталда жүктеліп тұрған СИЛЛАБУСТА көрсетілген, сабақ жүргізетін оқытушыдан нақтылап алуларыңызға болады.

## Көбінесе емтиханның қай түрінен студенттер төмен баға алып жатады?

Сессияның қорытындысы бойынша талдау жасағанда, көбіне КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕСТІЛЕУ емтихан түрінен **FX**, **F** деген баға алып жатады. Оның себебі, студенттер емтиханға дайындалмай өздерімен бірге тест жауабы жазылған қағаз (шпаргалка), ұялы телефон, смарт сағат т.б., алып кіріп, соған сенеді. Аталған заттардың барлығы емтиханда қолдануға тыйым салынған.

## Емтиханда тыйым салынған заттарды алып кірген жағдайда қандай іс-шара қолданысыздар?

Емтихан тапсыратын дәрісханаларда бейне бақылаумен қатар прокторлар тексеріп жүреді. Тыйым салынған заттарды емтиханда пайдаланғаны үшін, проктор білім алушыны емтиханнан шығаруға және емтихан бағасын жоюға АКТ құрады. Яғни АКТ құрылған студент бірден жазғы сессияға қалады. Ал бірнеше рет қайталанған жағдайда арнайы комиссия отырысында қарастырылып, академиялық адалдық қағидасын бұзғаны үшін оқудан шығарылады.

## Жоғарыда сіз **FX**, **F** деп айтып кеттіңіз. Сол жайында тоқталып кетсеңіз...

«**FX**» «қанағаттанарлықсыз» – 25%-49% аралығындағы бағасын алған кезде аралық аттестаттау кезеңінде және кезекті академиялық кезең басталғанға дейін ка-

никул кезеңінде оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын **қайта өтпей-ақ** академиялық күнтізбеге сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір рет **ақылы негізде қайта тапсыруға** жол беріледі.

«**F**» бағасына сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» – 0-24% аралығындағы баға алған жағдайда білім алушы осы оқу пәніне (модульге) **қайта жазылады**, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырады. Оқу пәніне/модульге қайта жазылу тек **ақылы негізде** жүзеге асырылады.

## Ақылы негізде жайлы толығырақ айтсаңыз...

Білім алушы кез келген банк приложениасы арқылы университеттің дербес счетіне «За пересдачу» деп жазып төлейді де, факультет деканына түбіртеккі береді. Факультет декандары **FX** алған студенттер тізімін құрып, «Қызметтік хат» жазып жібереді. Сессия кезінде, яғни емтихан кестесінен басқа күні **қайта тапсыруына** болады.

## Компьютерлік тестілеу емтихан түрінде қателіктер немесе техникалық ақаулар жиі кездеседі ме?

1 ай бұрын барлық емтихан сұрақтары арнайы құрылған комиссия тексеріп шығады. Егер қателіктер болып жатқан жағдайда ескертіліп жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қателіктер кездескен жағдайда, білім алушы апелляцияға бере алады.

## Апелляцияны кім қарастырады және қай уақытта өтініш беру керек?

Сессия алдында 1 ай бұрын әр факультетте апелляциялық комиссия құрылып, бұйрықпен бекітіледі. Әрбір келіп түскен өтінішті комиссия қарастырып, оған хаттама толтырылады. Білім алушы емтихан кезінде қателік көрсе дәл сол жерде апелляцияға бере алады. Компьютерлік тест тапсырып отырған терезенің төменгі жағында «Апелляция» батырмасын басу арқылы өтініш жіберіледі. Ол өтініштер бірден Тіркеу офисіне келіп түседі, мамандар «Апелляциялық комиссияға» бірден жібереді.

## Қорытынды баға қалай шығады? Емтихан бағасы қорытынды баға болып есептеледі ма?

Білім алушылар 1 семестрде 15 апта білім алады. 15 аптаның ішінде 2 рет, яғни 7-ші (АБ1) апта мен 15-ші (АБ2) аптада АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ тапсырады. **Қорытынды аралық бақылау (ҚАБ)** бағасы  $(АБ1+АБ2)/2$  формуласы арқылы шығады.

**Қорытынды баға (ҚБ)** мынадай формуламен шығады: қорытынды аралық



бақылау бағасы 0,6 көбейтіледі, емтихан бағасы 0,4 көбейтіп шыққан мәндерді қосады, яғни  $ҚАБ * 0,6 + Е * 0,4 = ҚБ$ .

Қорытынды аралық бақылау бағасының 60% алса, емтихан бағасының 40% алып қосады. Бұл жерде 15 аптада алған білім нәтижесінің маңыздылығын ескерген дұрыс.

## Жоғарыда айтып кеткен емтиханның басқа да түрлерінен бір ерекшелік немесе қосымша айтар ақпаратыңыз бар ма?

- ПРОЕКТ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА емтихан түрлерін орындаған кезде текстік ақпарат болған жағдайда ПЛАГИАТқа тексеру керек болады да, оның қорытындысын жүктеп алып оқытушыға жіберу керек. Ал ЭССЕ емтихан түрінде міндетті түрде «Турнитин» жүйесінен (плагиатқа) тексеру керек болады.

- Білім алушылардың емтихандық жазба жұмыстары үшін 40% иемдену (ұқсастық) рұқсат етіледі, 60% түпнұсқалығы болу қажет.

## Сессия кезінде денсаулығына байланысты немесе отбасылық жағдайға баланысты т.с.с. жағдайда білім алушы емтиханға келе алмай қалса қандай көмек көрсете аласыздар?

Әрине, ондай жағдайларды да ескереміз. Білім алушы емтихан күні кураторына немесе эдвайзерге міндетті түрде хабар беру керек. Егер емтиханға келе алатындай жағдай болса, келесі емтиханнан қалмай тапсыра беру керек. Ал келе алмаған емтихан бойынша факультет деканына жолығып өтініш жазып, қосымша растайтын құжатын тіркеу қажет.

Барлық пәннен емтихандары аяқталғаннан кейін өтініш жазған білім алушыларға сессия мерзімі ұзартылады.

Сессия – студент өміріндегі ең жауапты кезеңнің бірі. Біздің міндетіміз сессияларды таза да адал өткізу. Оқу орнында «Таза сессия», академиялық адалдық сағаттары жиі ұйымдастырылады. Білім алушыларға айтарым, 15 апта бойында алған біліміңізбен дағдыңызды дұрыс пайдаланып, академиялық адалдық қағидасына сәйкес әрекет ету қажет. Сәттілік тілеймін!

Сұхбаттасқан:  
Зарина КӘП



# КЕРЕКУ ЖЕРІНЕН КЕЛГЕН ҚОС ЖЕҢІС

**Бұл жолы республикалық пікірсайыстан Шәкәрім университетінің "Парасат" интеллектуалдық дебат клубы Павлодар қаласында өткен Д.Қонаевтың 110 жылдығына арналған "President cup III" республикалық дебат турнирінің екі бірдей бас кубогын иеленді.**

Турнирге Алматы, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Арқалық, Астана, Семей қалаларынан жиыны – 32 фракция қатысқан.

32 команданың ішінде жоғары нәтижемен үздік ойын көрсеткен шәкәрімдік пікірсайысшылар Балабек Аяулым мен Тұрсынбаева Аяулым жеңімпаз атанды.

«Пікірсайыс турнирлеріндегі барлық эмоциялар мен атмосфералар маған өте жақсы таныс, пікірсайысшы достарыммен сөйлесіп әрқашан өзімді жайлы сезінемін. Торайғыров университетіне турнирге үшінші рет бардым:

-алдымен ағылшын лигасында 3-ші орынға ие болдым, екінші рет төреші болуға шақырылып "Үздік төреші" номинациясын жеңіп



"Үздік спикер" номинациясын да иеленген!

Пікірсайысшыларымызды жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз!

алдым, бұл жолы Гранд турнирде жеңіске жеттім.

Дебат мен үшін әрдайым азарт секілді, ең басты қарсыластарымыз астаналық пікірсайысшы достарымыз. Бірде жеңіп бірде жеңіліп, үнемі жарысып ойнау тек көп адресиналға ғана береді. Ал университет басшылығы біздің көңіл-күйімізді көтеру үшін турнирден кейін әрдайым керемет фуршет пен көңілді кеш ұйымдастырады. Бұл меніңше өте жақсы. Павлодар бізді әрқашан жақсы қарсы алады және ұйымдастыру деңгейі әрқашан қуантады.

Осындай керемет уақыт үшін Президент дебат клубына, Торайғыров университеті басшылығына, дебат коммюнитиіне және әрбір саяхатты қызықты еткен парасаттыққа алғысын шексіз!», - деді Аяулым Балабек.

Сонымен қатар Тұрсынбаева Аяулым

## ПЛАНЕТАНЫҢ ЕҢ БАЙ АДАМЫ ОҚУҒА КЕҢЕС БЕРЕТІН 10 КІТАП

Джефф Безос – Amazon компаниясының негізін қалаушы, ірі акционері және президенті. Нарықтық капиталы 1,5 трлн доллардан асады. Кәсіпкер жаңа идеялар мен бизнес шешімдерін тапқысы келетіндерге оқуға кеңес беретін 10 кітаптың тізімін жасады.

1. «Мәңгі салынған. Көзқарасы бар компаниялардың жетістігі» Джим Коллинз, Джерри И. Поррас

Түпнұсқа «Построенные навечно. Успех компаний, обладающих видением» деп аталады.

Оны Безос қысқаша «өзінің сүйікті бизнес кітабы» деп те атайды. Шығарма авторлары алты жылдық зерттеу жобасының нәтижесі туралы әңгімелейді, ол табысты және ең бастысы, көреген компанияларды құруға әкелетін факторларды зерттеуге арналған.

2. «Жаратылыс: өмір және оны қалай құру керек» Стив Гранд

Түпнұсқасы – «Сотворение: жизнь и как ее создать».

Безостың айтуынша, бұл кітап Amazon веб-қызметтерін (AWS) құруға айтарлықтай әсер етті, соның арқасында бұлт ұғымы соншалықты танымал болды.

3. «Rework. Алдын-ала ескертусіз Бизнес» Джейсон Фрайд, Дэвид Хайнмайер Хенссон

Түпнұсқа «Rework. Бизнес без предрас-судков» деп аталады.

Авторлар – табысты кәсіпкерлер, 37signals компаниясының негізін қалаушылар. Олар бұл кітап сіздің бизнесіңізді қалай бастау керектігі туралы және егер қаласаңыз, оны негізгі жұмыспен қатар жүргізетінін айтады. Сондай-ақ, бұл

бұрыннан бар бизнесті жақсарту және кейбір қағидаларды қайта қарау туралы шешім істейтіндер үшін пайдалы болады.

4. «Қара аққу. Болжамсыздық белгісімен» Нассим Талеб

Түпнұсқасы – «Черный лебедь. Под знаком непредсказуемости».

"Қара Аққуда" автор өзінің теориясын жасау және көрсету үшін әзіл мен көркемдік элементтерді қолдана отырып, білім, эстетика және өмір салты туралы тақырыптарға назар аударады. Өте қызық кітап!

5. «Иноватордың дилеммасы. Жаңа технологиялардың арқасында мықты компаниялар қалай құрып кетеді» Клейтон Кристенсен

Түпнұсқа «Дилемма инноватора. Как из-за новых технологий погибают сильные компании» деп аталады.

Кітап авторы – Гарвард бизнес мектебінің профессоры Клейтон Кристенсен. Автор революциялық технологияларды қабылдауға батылы жетпейтін компаниялардың уәждерін қарастырады, өйткені олар клиенттердің бір бөлігін алып тастап, негізгі бизнесті бұзуы мүмкін. Неліктен әлеуетті инновацияны елемей қымбатқа түсетінін түсіндіреді.

6. «Америкада жасалған: Мен Wal-Mart-ті қалай жасадым» Сэм Уолтон

Түпнұсқасы – «Сделано в Америке: Как я создал Wal-Mart».

Wal mart супермаркеттер желісінің негізін қалаушы Сэм Уолтон жеңілдікпен бөлшек сауда жасау қағидалары туралы әңгімелейді және қандай негізгі құндылықтар оған белгілі бір іс-әрекеттерді үнемдеуге және қабылдауға көмектесетінін түсіндіреді.

7. «Мақсат. Үздіксіз жетілдіру процесі» Элияху Голдратт

Түпнұсқа «Цель. Процесс непрерывного совершенствования» деп аталады.

Бұл Джефф Уилка мен оның командасының Amazon-ды өңдеу және тапсырыс беру орталықтарының жұмысын түзету әдістері туралы жазылған жұмыс кітабы.

8. «Ұқыпты өндіріс. Шығындардан қалай арылуға және компанияңыздың өркендеуіне қалай жетуге болады» Джеймс Вумек

Түпнұсқасы – «Бережливое производство. Как избавиться от потерь и добиться процветания вашей компании».

Джеймс Вумек кітабы клиент үшін құнды нәрсені туындататын іс-шараларға назар аударуға және жүйелі түрде жұмыс жасауға шақырады.

9. «Жақсыдан ұлылыққа дейін: неге кейбір компаниялар серпіліс жасайды, ал басқалары жоқ» Джим Коллинз

Түпнұсқа «От хорошего к великому: Почему одни компании совершают прорыв, а другие нет» деп аталады.

Автор кітапта баяндалған идеялар мен тұжырымдамаларды дәйекті түрде жүзеге асыру кез келген ұйымға өз қызметін түбегейлі жақсартуға және шынымен керемет нәтижеге қол жеткізуге көмектесетініне сенімді.

10. «Қалған күн», Кадзуо Ишигуро

Түпнұсқасы – «Остаток дня».

Халықаралық «Букер» сыйлығына ие болған Казуо Исигураның кітабы туралы Безос «бұл менің сүйікті романым» дейді екен.

# ДЛЯ КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ СОЗДАЮТСЯ ВСЕ УСЛОВИЯ

**Сегодня в Университете Шакарима созданы все условия для качественного обучения и комфортного проживания студентов.**

Поэтапно решаются вопросы обеспечения университета инфраструктурой и техническими учебными устройствами. Открываются новые кабинеты, оснащенные компьютерами, планшетами и соответствующие современным требованиям. С целью создания комфортной среды для обучения и проживания студентов ежегодно проводятся ремонтные работы.

В этом году в Университете Шакарима был проведен комплекс работ по ремонту студенческих общежитий и учебных корпусов.

Так, например, в учебном корпусе №7 по ул.Глинки, 20 А были отремонтированы санузлы с 6 по 11 этаж. Осуществлена замена лифта, который работает исправно и используется в данный момент. Также в корпусе были заменены магистральная труба, батареи и лежаки отопления.

В учебном корпусе №8 по ул.Шугаева, 159 осуществлена установка мини-футбольного поля. Уже провели несколько футбольных матчей. Также были отремонтированы санузлы. Силами техниче-

ского персонала корпуса произведены побелка и покраска аудиторий и фойе.

В спорткомплексе №1 по ул.Физкультурная, 4 осуществлен ремонт футбольного зала, системы холодного водоснабжения и узла управления системой отопления.


В учебном корпусе №3 по ул.Кашаганова, 1 произведен ремонт актового зала, открытие которого состоялось 22 ноября.

Ремонтные работы проведены и в общежитиях. Например, в общежитии №1 по ул.Физкультурная, 2 осуществлены работы по поклейке обоев, произведена замена всех оконных и дверных блоков.

В общежитии №3 по ул.Найманбаева, 261 завершены работы по установке в каждой комнате современных душевых кабин, заменено санитарно-техническое оборудование. В дополнение к этому здание подключено к сетям водопровода и канализации.

Следует отметить, что студенты высоко оценили качество ремонта и были довольны преображением учебных корпусов и общежитий.

**Айым БАЗЫЛЖАНОВА,**  
делопроизводитель



## ЖАТАҚХАНАДА ТҰРМАҒАН СТУДЕНТ - СТУДЕНТ ЕМЕС

Өміріміздің башағы – студенттік өмір болса, студенттік өмірдің қызығы – жатақхана. Ата-анамыздың үнемі айтып отыратын асханада піскен асты ұрлап, балконда ілінген етті қағытып кететін қайталанбас, қызықты хикаялар да осы жатақхана қабырғасында өткен еді.

Кең бөлмелері бар үйіңізді ауылда қалдырып, шағын ғана бір бөлмеде төртбес адам болып тұру сіздің жеке бастағы өзімшілдігіңізді жоғалтады. Бір нанды бөліп жеу, көмектесу, бірге жүріп, бірге тұру секілді дүниелерді бастан кешесіз. Көршіңізге емес, көрші бөлмеге қонаққа

бару, туған күн кештерін жасау, ән салу, би билеу, әңгіме дүкен құру – бәрі сіздің өміріңізге таңсық болып келеді. Бірақ сол таңсық дүниеден көкірек көзіңіз ашылып, жаңаша өмірді достармен бірге сүруге деген ынтымақ артады. Тіпті жатақхана екінші үйіңіздей болып, қателіктеріңізді кешіріп, жамандығыңызды жасырып, жақсылығыңызды арттырады. Көмек керек бола қалған жағдайда, сізге көмек көрсетуге бүкіл жатақхана дайын. Бұл ештеңеден тарықпауға болады деген сөз. Өзіңіз сияқты өзге өңірлерден келген жүздеген студенттердің басы қосылып,

екінші отбасы, жырақтағы үйіңе айналатын мекен бұл. Коменданттың қатал болғаны да, оқу сапары аяқталуға аз қалғанда еріксіз еске келеді. Жай емес, жақсы болсын деп айтқан әр ақылы, анаңнан жырақта жүргендігіңді сездіртпеу үшін айтылған сөз деп ұғынасың. Жастық шақтың ең қызықты кезеңі студенттік шақ болса, оны жатақханада өткізу қызықтың көкесі болар еді. Келесі қызықты оқиғаны күтіңіз!

**Еркеназ ШАҒЫМАНОВА,**  
Филология факультетінің  
2 курс студенті

Құрылтайшысы:  
«Семей қаласының  
Шәкәрім атындағы  
университеті»  
КеАҚ



Қазақстан  
Республикасының  
Ақпарат және  
коммуникациялар  
министрлігінің  
Ақпарат комитеті  
берген тіркеу куәлігі  
№ 17310-Г  
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ  
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ  
Фотограф: Мұратжан МҰРАТОВ

✉ [semgu\\_2020@bk.ru](mailto:semgu_2020@bk.ru)  
🌐 <http://shakarim.edu.kz/>  
📷 [@shakarim\\_university\\_](https://www.instagram.com/shakarim_university_)

Білім алушы жастарға арналған  
ақпараттық-танымдық басылым  
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
университеті» КеАҚ медиа орталықта  
басылып шығарылды.  
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:  
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а